

«№ 8 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ 2025 жылға арналған мемлекеттік қызметтер бойынша есебі

I. Жалпы ережелер

1) Көрсетілетін қызметті беруші туралы мәліметтер:

«Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі Көкшетау қаласының "№8 жалпы білім беретін мектебі» КММ, заңды мекенжайы: Көкшетау қаласы, Б. Бұлқышев көшесі, 8 үй.

2) Көрсетілетін мемлекеттік қызметтер туралы ақпарат:

№8 ЖОББМ 9 мемлекеттік қызмет көрсетіледі.

2025 жылы 421 қызмет көрсетілді:

- «Азаматтар үшін Үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы – 2 қызмет;
- электрондық нұсқада көрсетілген мемлекеттік қызметтер – 244 қызмет;
- қағаз түрінде көрсетілген мемлекеттік қызметтер – 175 қызмет.

Білім беру саласындағы барлық мемлекеттік қызметтер тегін көрсетіледі.

3) Неғұрлым талап етілетін мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы ақпарат:

Білім беру саласында неғұрлым сұранысқа ие мемлекеттік қызметтер:

«Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау»;

«Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұсыну»;

«Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау».

2. Қызмет алушылармен жұмыс:

1) Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы ақпаратқа қол жеткізу көздері мен орындары туралы мәліметтер.

Көрсетілетін қызметтер туралы қажетті ақпарат <http://sc0008.kokshetau.aqmoedu.kz> ресми интернет-ресурста № 8 ЖОББМ «көрсетілетін мемлекеттік қызметтер» Мемлекеттік қызмет көрсету стандарттары мен ережелері орналастырылған. Сондай-ақ, ақпараттық стендте ұйымдар мемлекеттік қызметтердің стандарттары мен ережелерін орналастырды. Өзіне-өзі қызмет көрсету бұрыштары жұмыс істейді.

2) Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің жобаларын жария талқылаулар туралы ақпарат. Қазіргі уақытта заңға тәуелді құқықтық актілердің жобаларын жария талқылау ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет порталында жүзеге асырылады. Білім бөлімі және ведомствоға қарасты ұйымдар Нормативтік-құқықтық актілерді әзірлемеген.

3) Мемлекеттік қызметтер көрсету процесінің ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар (түсіндіру жұмыстары, семинарлар, кездесулер, сұхбат және басқалар).

2025 жылы №8 ЖОББМ КММ әлеуметтік желіде қызмет көрсетушілердің интернет – ресурстары арқылы мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы халықты ақпараттандыру бойынша жұмыс жүргізілуде.

